

Болашақ бастауыш сынып

муғалімдерінің

құндылық бағдарлары:

РЕФЛЕКСИЯЛЫҚ

КҮНДЕЛІК



Қайырымдылық



Әділдік



Әдептілік



Адалдық



ҚҰРМЕТТІ СТУДЕНТТЕР!

Бұл рефлексиялық күнделік болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің құндылық бағдарларын қалыптастыруға және олардың рухани мәдениетін дамытуға бағытталған. Күнделік рефлексивті-шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыру педагогикалық шартын жүзеге асырудың тиімді тетігі ретінде әзірленді және жоғары оқу орындарының педагогикалық білім беру үдерісінде қолдануға арналған.

Рефлексиялық күнделіктің негізгі мақсаты – студенттердің кәсіби қызметке қатысты құндылықтық-мағыналық ұстанымдарын саналы түрде ұғынуына, педагогикалық іс-әрекеттегі моральдық таңдауларын пайымдауына және өз рухани дамуын жүйелі түрде бағалауына жағдай жасау. Күнделік екі бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлім – «Құндылықтарды саналы ұғыну» – оқу кезеңінде жүргізіледі және студенттердің кәсіби мотивациясын, құндылықтар жүйесін, рухани бағдарларын және болашақ мұғалім ретіндегі ішкі позициясын қалыптастыруға бағытталған.

Екінші бөлім – «Құндылықтарды іс-әрекетте іске асыру» – педагогикалық практика барысында жүзеге асырылады және құндылықтардың нақты педагогикалық жағдаяттарда, қарым-қатынаста және кәсіби шешім қабылдау үдерісінде көрініс табуын рефлексиялау мақсатында қолданылады.

Рефлексиялық күнделікпен жұмыс барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдері өз ойларын эссе, ой толғау, сұрақтарға жауап беру немесе шығармашылық жазба түрінде еркін рәсімдей алады. Күнделік жазбалары бағалау немесе бақылау құралы болып табылмайды, ол студенттің ішкі рухани тәжірибесін саналы ұғынуына арналған рефлексиялық құрал қызметін атқарады.

Күнделікті жүйелі қолдану нәтижесінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінде мамандықтың әлеуметтік және рухани миссиясын түсіну, құндылықтар иерархиясын нақтылау, педагогикалық іс-әрекетті ғылыми негіздеу және түрлі педагогикалық жағдаяттарда моральдық ұстанымдарды басшылыққа алу қабілеттерінің қалыптасуы күтіледі

I бөлім. Құндылықтарды саналы ұғыну (оқу кезеңі)

Бөлімнің міндеттері:

- кәсіби мотивацияны тереңдету;
- құндылықтар жүйесін саналы құрылымдау;
- педагогикалық қызметтің рухани мағынасын ұғындыру;
- рефлексиялық ойлау дағдыларын қалыптастыру.

«Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап.»

(А.Құнанбаев)

1

**Нұсқау: төмендегі сұрақтарға сүйене отырып,
рефлексиялық эссе жазыңыз (1 бетке дейін)**

- Мұғалім мамандығын не үшін қоғамдық миссиясы бар мамандық деп есептеймін?
- Бастауыш сынып мұғалімінің баланың тұлғалық дамуына әсері неде?
- Менің кәсіби таңдауым қандай өмірлік құндылықтармен байланысты?

2

Құндылықтар иерархиясын құрастыру.

Тапсырма: Берілген тізімнен 10 құндылықты маңыздылығына қарай (1 – ең маңызды) пирамидаға орналастырыңыз.

Тізім: Ізгілік, әділеттілік, жауапкершілік, эмпатия, адалдық, сабырлылық, кәсіби борыш, сыйластық, шығармашылық, еркіндік.

Талдау:

1. Алғашқы үш құндылықты неге таңдадым? _____
2. Бұл иерархия уақыт өте өзгеруі мүмкін бе? Неліктен? _____
3. Бұл құндылықтар менің болашақ кәсіби шешімдеріме қалай әсер етеді?



**«Үш-ақ нәрсе-адамның қасиеті: Ыстық қайрат, нұрлы
ақыл, жылы жүрек.»**

(Ш,Құдайбердіұлы)

3

Рухани өзіндік портрет.

Нұсқау: «Менің болашақ мұғалім ретіндегі рухани бейнем» тақырыбында шығарма жазыңыз.

Мен үшін үлгі болатын мұғалім қандай?

Қандай рухани қасиеттер менде бар, қайсысын дамыту қажет?

Өзіме кәсіби-рухани тұрғыдан қандай талап қоямын?

**«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек...»**

(А.Құнанбаев)

4

Педагогикалық ұстанымдарды ұғыну.

Таңдалған қағидат: _____

(Мысалы: гуманизм, тұлғаға бағдарлау, мәдени сәйкестік т.б.)

Бұл қағидаттың мәні неде? _____

Ол мұғалімнің рухани мәдениетімен қалай байланысты? _____

Мен бұл қағидатты өз қызметімде қалай жүзеге асырар едім? _____

5

Ішкі диалог (Рефлексивті-шығармашылық деңгей)

Тапсырма: «Мен – студент» және «Мен – болашақ мұғалім» арасындағы қысқаша сұхбатты жазыңыз.

«Мен – студент»	«Мен – болашақ мұғалім»
<i>Мысалы: Мен балалардың бәріне бірдей әділ бола алам ба?</i>	<i>Мысалы: Әділдік – менің басты ұстанымым, мен әр баланың ерекшелігін құрметтеймін.</i>

II БӨЛІМ. ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ІС- ӘРЕКЕТТЕ ІСКЕ АСЫРУ (ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА КЕЗЕҢІ)

Бөлімнің міндеттері:

- құндылықтық бағдарларды педагогикалық іс-әрекетте жүзеге асыруға бағыттау;
- нақты педагогикалық жағдаяттарда моральдық ұстанымдарды басшылыққа алу дағдыларын қалыптастыру;
- теориялық білімді педагогикалық практикамен саналы байланыстыру;
- педагогикалық қарым-қатынас барысында эмоциялық-құндылықтық тәжірибені рефлексиялау;
- кәсіби өзін-өзі бағалау мен өзіндік түзету дағдыларын дамыту.

«Адамзат мәдениетінің дамуы – білім мен ғылымның күшімен жүзеге асады.» (Ш.Уалиханов)

1

Педагогикалық жағдаятты рефлексиялау.

Нұсқау: практика барысында кездескен нақты бір оқиғаны сипаттап, оған талдау жасаңыз.

Жағдаяттың мазмұны: _____

Менің әрекетім: _____

Негізге алынған құндылықтар: (Мысалы: әділдік, балаға деген құрмет) _____

2

Моральдық дилемма.

Нұсқау: ереже мен адамгершілік арасында таңдау жасауға тура келген сәтті талдаңыз.

Баланың мүддесі мен талап тепе-теңдігі: _____

Өз әрекетіме ішкі бағам: _____

Рефлексия: Жағдай қайталанса, басқаша әрекет етер ме едім? _____

3 **Эмпатиялық рефлексия.**
Нұсқау: оқушымен болған эмоционалды байланыс сәтін жазыңыз.

Эмпатияның көрінісі: _____

Менің сезімдерім: _____

Түйін: Бұл тәжірибе менің жүрегімде қандай із қалдырды? _____

4

Теория мен практиканы байланыстыру.
Нұсқау: болған жағдайды ғылыми педагогикалық тұрғыдан негіздеңіз.

Байқалған заңдылықтар: _____

Теорияның көмегі: Университетте алған қай білімім
маған бағыт берді? _____

5

Қорытынды эссе.

Нұсқау: практика соңындағы қорытынды эссе

Нығайған құндылықтар: _____

Жаңа «Мен» бейнесі: _____

Болашаққа бағдар: _____

Жалпы қорытынды

Рухани - кәсіби даму картасы

1. Өзін-өзі диагностикалау (Қорытынды кесте)

Бұл картаны рефлексиялық күнделікпен жүйелі жұмыс аяқтағаннан кейін толтырасыз.

Нұсқау: әр компонент бойынша өз дамуыңызды 5 баллдық жүйе негізінде бағалаңыз (1 – өте төмен, 5 – өте жоғары).

Компоненттер	Бастапқы деңгей (оқу басында)	Қорытынды деңгей (практикадан кейін)
Мотивациялық (мамандыққа қызығушылық, ішкі уәж)		
Аксиологиялық (құндылықтарды сезіну, қабылдау, иерархиялау)		
Когнитивті (теориялық білімді меңгеру, педагогикалық зандылықтарды түсіну)		
Іс-әрекеттік (педагогикалық тәжірибеде қолдану)		